

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№32				
<i>Күндері</i>	18 - 22.04.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Бір шаңырақ астында				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары).	"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын тандап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, формасы бойынша да сәйкес келетін гүл табады.	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген кимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды.	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.	"Тап, кім шақырды" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнауға деген тілектерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Тұтқиылдан жел соқса, Жаңбыр жауса себелеп, Тақиямның астына, Тығыла қал көбелек. Санайық жанаша: Бір,екі, үш Желбіре жалауша, Достықта біздің күш!				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Дастарқанға ыдыстарды ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарқанды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеуі; тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы. Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ.	Иллюстрациялық суреттерді құрастыру Мақсаты. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.	"Қалалар" сөздік ойыны.
---	--	---	--	--	---------------------------------------

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Достық шеңбері ойындар тізбегі". Мақсаты. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. <i>Сөздік жаттығу. "Біз доспыз".</i> Сурет салу "Зәулім үй". Мақсаты. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау. <i>Саусақ жаттығуы. "Үйді салғым келеді".</i> Дене шынықтыру "Достық шеңберінде". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету. <i>"Эстафета" нысықтау ойыны.</i>	Музыка "Достық шеңбері". Мақсаты. Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру. <i>"Отбасылық құралдар" ойыны.</i> Математика негіздері "Өз орнымызды тауып алайық". Мақсаты. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауға үйрету, сол жақ, оң жақ, алдында, артында тұрған баланы айту арқылы бағдарды ажыратуға үйрету; көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау қабілетін дамыту. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Беторамалды безендір".</i>	Орыс тілі "Это мой Казахстан". Цель. Учить слушать русскую речь, ведущуюся о Казахстане, запоминать слова, передающие понятие о Родине, учить использовать в ответах новые слова, запоминать название основных государственных символов Казахстана. <i>Упражнение-диалог "Что такое Родина?".</i> Дене шынықтыру "Ұлттар достығы". Мақсаты. Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру. <i>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Сымбатты әтеш». Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға	Жапсыру "Күн ойнап тұр, күлімдеп". Мақсаты. Балаларға күн бейнесін жапсыру амалдары туралы ұғымдар беру; күн дөңгелегі мен сәулелерін (жіңішке тіктөртбұрышты элементтерін) күннің тұтас бейнесі ретінде тануға үйрету; халықтар достығы туралы мағлұматтар беру. <i>Саусақ жаттығуы</i> Қоршаған ортамен танысу "Әскер". Мақсаты. Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы,	Жаратылыстану "Ғажайып табиғат әлемі". Мақсаты. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту. <i>"Қай түстегі гүл жоқ?" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру. "Достық күндей жарқырайды" Мақсаты. Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру. <i>"Жеті лақ" қимылды ойыны.</i>
---	--	---	---	---	--

			үйрету.Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу	Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. <i>Дидактикалық ойын: "Әскер киімін ажырат".</i>	
--	--	--	--	--	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. Мақсаты: тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсаты: жұмысқа деген оң көзқарасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазына аралы". Мақсаты: физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Жердегі тастарды бақылау. Мақсаты: тірі емес табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?) Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап". Мақсаты: физикалық белсенділікті дамыту, жер бедерінде жүру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау. Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Жұмыс істейік, балақай!" Мақсаты: балалармен жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекке деген құрметті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен түн". Мақсаты: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Көктем мезгіліндегі қайыңды бақылау. Мақсаты: қайың және оның көктем мезгіліндегі ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқысты тазалау). Мақсаты: еңбекке деген жағымды қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". Мақсаты: моториканы, ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кегльді соқ" Мақсаты: ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. Мақсаты: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту, бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұтақтарды жинау). Мақсаты: топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Эстафетаны тапсыр", "Кім алға шығады?" Мақсаты: ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты лақтыру және қағып алу.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	"Мейірімді мысық"; (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				

Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Сюжетті-рөлдік ойын: "Серуенге шығайық". Мақсаты: балалардың әртүрлі маусымдарға арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, оларды киімдерді дұрыс атауға үйрету.	"Мысық пен тышқан" қимылды ойыны. Педагог: - Балалар, бұл ойын сендерге жақсы таныс. "Мысық пен тышқан" ойынын ойнамағалы көп болды, сондықтан ойынның ережесін естеріңе салайын. "Мысық пен тышқан" ойынында педагог балаларды шеңберге тұрғызады. Бір бала мысықтың, екінші бала тышқанның рөлінде ойнаулары қажет. Қалған балалар тышқанның інін жасап, шеңбер бойымен тұрады. Тышқан інінің ішінде, мысық шеңбер сыртында жүреді. Балалар қолдарынан ұстап шеңбер жасап, мысық кіріп кетпес үшін отырады, балалар орындарынан тұрған кезде мысық ебін тауып ішке кіріп, тышқанды ұстап алуы қажет. Тышқан шеңберден серуенге шыққанда мысық оны аңдып ұстап алуға әрекет жасайды, тышқан мысықтан қашып, қайтадан ініне кіріп кетуіне болады. Мысық пен тышқанның рөліне педагог алғашқыда пысық балаларды тағайындауы тиіс. Егер тышқан мысыққа ұстатпай ойын ұзаққа созылатын болса,	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі: заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері: жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.	"Кемпіркөсак түстері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру.	"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген. Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру. Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.

		педагог балаларды ауыстырады.			
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Тауықтар мен балапандар" (3-4 рет ойнатылады). Мақсаты: балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Барысы: балалардың жартысы тауықтар, ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).	"Қай қолымда көп" дидактикалық ойыны. Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар, моншақтар, түймелер. Барысы: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайды. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орар. 3. Қырда қырау Қызыл ала бұзау.	"Барлық мамандықтар қажет, барлық мамандықтар маңызды" ойыны. Мақсаты: мамандықтар жайлы білімдерін толықтыру, танымдық ойлау қабілеттерін дамыту. Жабдықтар: заттық суреттер; түрлі-түсті қарындаштар немесе киізден жасалған қаламдар. Барысы: балаңызға оң жақта (сатушы, краншы), сол жақта (ағаш ұстасы, кассир) қандай кәсіптерді көретінін айтуға шақырыңыз. Баладан парактың төменгі жағындағы заттардың	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім. 3. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.

				атын сұраңыз. Оған жұмыс үшін қандай зат қажет екенін анықтап, айтуын сұраңыз. Ағаш ұстасына ... (сүргі) қажет. Краншыға ... (көтергіш кран) қажет. Сатушыға ... (таразы) қажет. Кассирге ... (касса) қажет. Балаңызға сіз бастаған сөйлемді аяқтауды ұсыныңыз. Оған затты жұмыс үшін қажет адаммен байланыстыруды сұраңыз.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	"Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	"Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру.